

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
«Журналистика» кафедрасы



«Журналистика» кафедрасында 2021-2022 оқу жылы
барысында атқарылған тәрбие
жұмыстарының жылдық

ЕСЕБІ

Түркістан – 2022 ж.

**2021-2022 оқу жылы барысында атқарылған
тәрбие жұмыстарының
ЕСЕБІ**

Қорытындыланған 2021-2022 оқу жылы табысты өтті. Себебі, өткен оқу жылының екінші жартысында университет басшылығы ауысты. Маңызды өзгеріс – жаңа бастамалардың бастауы болды. Жалпы, 2020-2021 оқы жылы әлемді жайлаған пандемия кезеңінде өтті. Оқу үдерісі қашықтықтан жүзеге асты. Соған байланысты тәрбие жұмыстары да жүзбе-жүз ұйымдастырылған жоқ.

Жаңа оқу жылында оқу үдерісі толыққанды қалпына келтірілді. Сәйкесінше тәрбие жұмыстары жанданды. Жаңа 2021-2022 оқу жылы басталғанда университетіміз қабырғасында атқарылатын тәрбие жұмыстарының негізгі бағыттары басшылыққа алынып, кафедра жоспары жасалды. Кафедраның тәрбие жұмыстарының жоспары негізгі төрт бағыт бойынша түзілді. Негізгі төрт бағыт: **1) Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағыты, 2) Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты, 3) Ұлттық тәрбие бағыты, 4) Отбасы тәрбиесі бағытынан** құралған.

Аталмыш төрт бағыттың мақсаты төмендегідей:

- **Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағытының** мақсаты – Азаматтық әрі патриоттық сананы, этнос өкілдері арасындағы мәдени қарым-қатынасты қалыптастыру. Сонымен қатар, студенттердің әлеуметтік және құқықтық санасын өсіру.
- **Рухани-адамгершілік тәрбие бағытының** мақсаты – Студенттердің рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.
- **Ұлттық тәрбие бағытының** мақсаты – Студенттердің ана тілі және мемлекеттік тілді, қазақ халқының және басқа ұлттың мәдениетін құрметтеуіне бағдар беру.
- **Отбасы тәрбиесі бағытының** мақсаты – Қоғамда отбасылық құндылықтарды насихаттау.

Тәрбие жұмыстарының төрт бірдей негізгі бағыты бойынша атқарылған жұмыстар:

- **Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағыты** бойынша, 22.09.2021 ж. күні барлық топта «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» тақырыбымен тәрбие сағаттары өткізілді. Қазақстан халқының тілдері күні қарсаңында ұйымдастырылған тәрбие сағаттары барысында мемлекеттік тіліміздің мәртебесі мен ұйыстырушы фактор ретіндегі рөлі сөз болды.

Тілдер мерекесінің тарихы тереңнен бастау алады. Алғаш рет 1989 жылдың 22 қыркүйегінде «Тілдер туралы» заң қабылданған. Заң қабылданған күнді негіз еткен атаулы күн 2017 жылы Үкімет қаулысымен ауыстырылды. Содан былай қарай Қазақстан халықтарының тілдері күні 5 қыркүйекте атап өтіледі. Бұл күннің өзіндік мәні бар. 5 қыркүйек – Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Тәрбие сағаттарында қолданыстағы әліпбиіміздің негізін қалаған ұлт ұстазының тарихи еңбегі талқыланды.

Ұстаздар күніне орай, 04.10.2021 ж. «Ұстаз – ұлы есім» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Барлық топтарда ұйымдастырылған тәрбие сағаттары барысында шәкірттерге сапалы білім мен саналы тәрбие беретін ұстаздардың ұлы еңбегіне жоғары баға берілді.

17 қараша – Халықаралық студенттер күніне орай, 17.11.2021 ж. күні кафедра студенттері арасында пікірталас өткізілді.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні қарсаңында, 13.12.2021 ж. күні «Тәуелсіздік – тұғырым» тақырыбымен ашық тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейлі мерекесіне орай ұйымдастырылған тәрбие сағаттары барысында тарихи күннің маңызы баяндалып, егемендік жылдарында қол жеткізген белестер жан-жақты сөз болды.

15.02.2022 ж. кафедраның ұйытқысымен Ауған соғысы кезеңін баяндайтын мәжіліс өткізілді. Басқосуда он жылға созылған қақтығыс кезінде ерлік көрсеткен отандастарымыз туралы баяндалды.

04.03.2022 ж. күні «Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен ана» тақырыбында поэзия кеші ұйымдастырылды. 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесінің қарсаңында өткізілген кеште студенттер асыл аналарымызға арналған жыр шумақтарын оқыды.

- **Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты** бойынша,

Қарттар күні қарсаңында, 30.09.2021 ж. күні «Қарттарым – қазынам» тақырыбымен барлық топтарда пікір алмасу ұйымдастырылды. Пікір алмасу басқосуларында үлкенге құрмет көрсету мәселесі кеңінен сөз болды.

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесіне орай, 28.04.2022 ж. күні «Қазақстан – көпұлтты мемлекет» тақырыбымен барлық топтарда ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

Тәрбие сағаттары барысында қазақ жұртының барлық халықтарды бауырына басқан кең пейілі жоғары бағаға лайық екендігі туралы айтылды.

- **Ұлттық тәрбие бағыты** бойынша және де маңызды бағыт аясында, 20.10.2021 ж. күні «Қазақтың әдет-ғұрыптары мен ұлттық салт-дәстүрлері» тақырыбында барлық топтарда пікірталастар ұйымдастырылды.

24.02.2022 ж. күні топтарда «Қазақстанның киелі мекендері» тақырыбымен тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағаттары аясында еліміздің киелі мекендері туралы жан-жақты мәлімет беріліп, көрікті мекендер де тілге тиек етілді.

- **Отбасы тәрбиесі бағыты** аясында 01.11.2021 ж. күні «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбымен барлық топтарда ашық тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Өзекті тақырыпты қозғаған тәрбие сағаттарында отбасында берілетін тәлім-тәрбиенің маңыздылығы кеңінен сөз болды.

«Журналистика»

**кафедрасының аға әдвайзері,
аға оқытушы**



Ғ.Тәжібаев